



Медицина қызметкерінің жылдық жоспары

Мейірбике: Өмірзақ Ф.

2024-2025 оқу жылы

**2024 – 2025 оқу жылына
Мейірбикенің жылдық жоспары**

Жүргізілетін іс – шара	Мерзімі	Жауаптылар
<p>Ағымдағы жұмыстар:</p> <p>1. Жаңадан келген балаларды жастарына қарай топтастыру, құжаттарын рәсімдеу, ата- аналарды балабақшаның күн тәртібімен таныстыру.</p> <p>2. Балаларды күнделікті таңертеңгілік қабылдауға қатысу, сүзгіден өткізу, ауырып тұрған балаларды оқшаулау, дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету, Қ.Р Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 12 наурызындағы №194 бұйрығымен бекітілген «Инфекциялық аурулардың алдын алу бойынша санитариялық – эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларына сәйкес сырқаттанып келген балалардың ата – аналарынан қажетті анықтамаларды алып, рәсімдеу, қажет болған жағдайда карантин жариялау, ауырған балалармен байланыста болған балаларға бақылау жүргізу, ата – аналармен, қызметкерлермен, балалармен маусымдық кеселдер жайында әңгіме – сұқбат жүргізу.</p> <p>3. Таңғы жаттығуларының, ұйқы ашар жаттығуларының орындалуын бақылау.</p> <p>4. Күн тәртібінің сақталуын қадағалау.</p> <p>5. Ағымдағы дезинфекцияны ұйымдастыру медицина бөлмелерінде, топтарда, асхана, спорт және музыкалық залдарда, кір жуу орындары мен балабақша территориясында жүргізілетін тазалық жұмыстары, жарық, жылу, желдету шаралары «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қ.Р Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурызындағы №615</p>	<p>Қыркүйек</p> <p>Ағымды</p> <p>Ағымды</p> <p>Ағымды</p> <p>Ағымды</p>	<p>Менгеруші Г.Саухимова</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Әдіскер, Мейірбике, Тәрбиешілер</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах Тәрбиешілер</p>

<p>бұйрығының талаптары мен нормаларына сәйкес жүргізілуін қадағалау.</p> <p>6. «Паразиттік аурулардың алдын алу бойынша санитариялық – эпидемияға қарсы (профилактикалық) іс – шараларды ұйымдастыруға және жүргізуге қойылатын санитариялық – эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қ.Р Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 31 наурызындағы №283 бұйрығына сәйкес балаларды педикулез бен қышыма ауруларына қарсы тексеріп отыру.</p> <p>7. Сырқаттанған, жарақаттанған балалар мен ұйым қызметкерлеріне дәрігерге дейінгі медициналық көмек көрсету. Балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау.</p> <p>8. «Д» есептегі балалармен, созылмалы сырқаты бар балалармен жұмыс, дене шынықтыру, сауықтыру кезіндегі іс шаралар барысында әлсіз балаларға қадағалауды күшейту;</p> <p>9. Дене шынықтыру, сауықтыру, қимылды ойындар, шынықтыру шараларына қатысып бақылау жасау</p>	<p>Ағымды</p> <p>Ағымды</p> <p>Ағымды</p> <p>Үнемі</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<p>Дәрігерлік бақылау балалардың дұрыс тамақтануын ұйымдастыру:</p> <p>1. Балаларды тамақтандыру нормалары «Әлеуметтік көмек көрсетілетін азаматтарға әлеуметтік көмектің мөлшерін, көздерін, түрлерін және оны беру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 12 наурызындағы №320 қаулысына сәйкес объектілерде перспективалы маусымдық (жаз – күз, қыс - көктем) мезгілдеріне орай, тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасымен келісіліп бекітілген, аймақта өндірілген Отандық өнімдердің ассортименті ескеріле отырып, түзілген ас мәзірі арқылы күнделікті ас мәзірін түзу.</p> <p>2. Ұсынылатын тағамдардың порциясының массасы, химиялық құрамы, құнарлығы, тағамды дайында технологиясы, таратылу уақыттарын, «С» дәруменімен байытуын қадағалау</p>	<p>Үнемі</p> <p>Үнемі</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>

<p>Қызметкерлермен жұмыс:</p> <ol style="list-style-type: none"> «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы Қ.Р Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 17 наурызындағы №615 бұйрығының талаптары мен нормалары жөнінде нұсқаулық өткізіп отыру. Міндетті медициналық тексерістен өтіп отырылуын қадағалау Улану кезіндегі, бала талып қалған жағдайда, жәндіктер немесе жануарлар тістеген жағдайда көрсетілетін көмек жайлы түсіндірме жүргізу. Балабақша территориясына сенбілік ұйымдастыру 	<p>Үнемі</p> <p>Мерзіміне сәйкес</p> <p>Үнемі</p> <p>Айына 1 рет</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Әдіскер, Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<p>Ұйымдастырылған іс шаралар:</p> <ol style="list-style-type: none"> Кезекті оқу жылына құрылған жұмыс жоспарын, күрделі тазалық күндерінің кестесін мекеме басшысына бекіттіру Жаңадан келген балаларды жастарына қарай топтастыру, құжаттарын рәсімдеу, ата – аналарды балабақшаның күн тәртібімен таныстыру. Педагогикалық кеңестерге, менгеруші жанындағы кеңестерге, ата – аналар жиналыстарына, өндірістік кеңестерге жүйелі түрде қатысып отыру. Мұнда балаларға сауықтыру шараларының мазмұны мен тиімділігі, бала өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықтар жүргізіп отыру. Дәрі-дәрмектер мен дезинфекциялаушы құралдарға есеп жүргізу, қажеттіліктеріне талапнама жазу. Балаларды антропометриялық өлшеуден өткізу, салмағы аз немесе көп балаларды анықтап ата – аналармен кеңес өткізу, құжаттарға рәсімдеу. Балалардың ішек – құрт ауруларына тексерілулерін қадағалау 	<p>Қыркүйек</p> <p>Қыркүйек</p> <p>Жоспарлы</p> <p>Жылына 1 рет</p> <p>Токсан сайын</p> <p>Жылына 1 рет</p>	<p>Ұжым қызметкерлері</p> <p>Менгеруші Г.Саухимова</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Менгеруші, әдіскер, Мейірбике</p> <p>Менгеруші, әдіскер</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<ol style="list-style-type: none"> Соматикалық, жұқпалы аурулар, санитарлық ағарту жұмыстары жөнінде Тұтынушылардың құқықтарын қорғау басқармасына есеп беріп отыру 	<p>Токсан сайын</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>

<p>Ата – аналармен жұмыс:</p> <p>1. Ата – аналар жиналысына қатысу: Балалардың денсаулығы, маусымдық сырқаттар жөнінде, сауықтыру шараларының мазмұны мен тиімділігі жайында түсіндірме жұмыстары, егудің маңыздылығы, жеке бастың тазалығы, күн тәртібін сақтаудың, тиімді тамақтанудың пайдасы жөнінде әңгіме – сұхбаттар мен пікір сайыстар өткізіп отыру.</p>	<p>Қыркүйек</p>	<p>Менгеруші Г.Саухимова</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<p>Санитарлық ағарту жұмыстары:</p> <p>1. Баланың күн тәртібі, балабақшаға бейімделуі, жеке бас гигиеналары, қауіпсіздік ережелері және т.б жайында әңгіме сұхбаттар мен қабырға жаршылары.</p> <p>2. Салауатты өмір салты мәдениетін қалыптастыру: дене жаттығуларының тыныс алу мүшелеріне әсері, тамақтану ережелері, ұйқының гигиеналық мәні жайында 19 қараша «Шылымқорлықпен күрес» күніне орай иммунитетті жоғарылату: 14 қараша Қант диабетімен дүниежүзілік күрес күніне, ағзаны сауықтыру, қалай тамақтану керек, темекінің зияны, бала қай жастан бастап теледидар көруіне болады деген тақырыптарды қамту.</p> <p>3. 1 желтоқсан СПИД ке қарсы күрес күніне орай: СПИД – қасыр індеті, жүктілік және В.С гепатиттері, егулер жайында №36қаулымен таныстыру, жұмыс істеу</p> <p>4. Темір тапшылықты анемия, тағам аллергиясы, табиғи дәрумендер, таңғы астың пайдалы қасиеттері жайында</p> <p>5. Денсаулық күніне орай топтар, қызметкерлер арасында «Көңілді эстафета», дене белсенділігі, денені ұланудан сақтандыру, арақ пен ұрпақ жайында.</p> <p>6. Саңырауқұлақ жинау – маусымның қаупі, ұтымды тамақтану, құтыру ауруларынан сақтану, улы жәндіктерден сақтану жайында.</p>	<p>Қазан</p> <p>Қараша</p> <p>Желтоқсан</p> <p>Қаңтар Ақпан</p> <p>Сәуір</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p> <p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>

<p>7. Балалардың жазғы демалысын дұрыс ұйымдастыру, жалпақтабаңдылықтың алдын алу, жазғы кезеңдегі сауықтыру шараларының әдістемесі, жедел ішек аурулары жайында</p>	<p>Мамыр</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<p>8. Тағамнан улану, шомытудың қарапайым қағидалары, күн өтуден сақтану, ас мәзірі мен күн тәртібі элементтерінің орындалуы</p>	<p>Маусым</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>
<p>9. Баланы балабақшаға дайындау, жиі ауыратын балаларды сауықтыру амалдары, ішек – құрт ауруларының алдын алу жайында</p>	<p>Шілде</p>	<p>Мейірбике Ф.Өмірзах</p>